ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 шілде № 4360-24-00-2/1081 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.Қ.Жүсіпов,
сот отырысының хатшысы Ғ.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жаңақорған кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Гүлім» атауымен әрекет етуші Құндызай Қазбекқызы Әлтекова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ЖАҒЫНДА ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Жанакорган жоба А А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.шарт бойынша жұмыстарды толығымен орындауға міндеттеу туралы

ЖАУАПКЕРДІҢ ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮЫ БОЙЫНША ТАЛАПТАРЫ:
1.атқарылған жұмыстар актісіне қол қоюды міндеттеу туралы
2.ақша сомасын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.Пернебек
талап қоюшының өкілдері Е.Б.Берістем, К.Ш.Билалов
жауапкердің өкілі Ж.Ж.Кудебаев
үшінші тұлғаның өкілі Б.Ж.Турганбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 4 наурызда тараптар арасында № 25 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай - шарт) жасалған. Аталған шарттың талаптарына сай жауапкер Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентінің көшелеріндегі шұңқырларды жөндеу міндетін

алған. Қызмет құны 2690500 теңгеге айқындалған. Осы шарттың қолданылу мерзімі аумақтық қазынашылық органында тіркелгеннен кейін күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарттың орындалу мерзімі ол күшіне енген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде белгіленген.

Қазынашылықтың аумақтық органында шарт 2024 жылы 6 наурызында тіркелген.

Жауапкер шарт бойынша жұмысты 2024 жылы 5 сәуірге дейін аяқтауға міндетті болған.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, шарт бойынша жұмыстарды толығымен орындауға міндеттеу туралы талап қоюымен сотқа жүгініп, жауапкер көлемі 758,22 шаршы метр шұңқырларды жөндеу міндетін алса, іс жүзінде 244,43 шаршы метр көлемінде жұмысты орындап, 513,79 шаршы метр жұмысын орындамағанын ескеріп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды әрі шарт бойынша жұмыстарды толығымен орындауға міндеттеуді сұраған.

Талап қоюға қарсы пікірге сай шарт бойынша жұмыстар толық көлемде орындалғанын, орындалған жұмыстарды қабылдау актілеріне сәйкес 2000000 теңге көлемінде жұмыс қабылданғанын, шарттан тыс жұмыстарды орындау тапсырылғанын, шартта көзделмеген жұмыстарды орындаудан бас тартқан соң талап қоюшы осы талап қоюымен жүгінгенін көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі К.Ш.Билалов талап қоюда көрсетілген уәждерін қолдап, жұмыстардың толық көлемде орындалмағаны жөнінде ақаулық акті жасалғанын, жауапкер шарт бойынша жұмысты бастау үшін ақша-қаражаты қажет екенін айтып, ақша аударып беруді өтінгеннен кейін 2000000 теңге көлемінде ақша сомасы аударылғанын, ал жұмыстарды қабылдау актілеріне сәйкес жұмыстар атқарылмағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды, қарсы талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға өкілі бас жобалаушы Б.Турганбаев Жаңақорған кентінің көшелеріндегі шұңқырларды жөндеуге қатысты смета жасағанын, оған сай көлемі 758,22 шаршы метр шұңқырларды жөндеу қажеттілігін анықтағанын көрсетті.

Жауапкердің өкілі Ж.Кудебаев шартта нақты жауапкердің қай көшеде шұңқырларды жөндеу қажет екені айқындалмағанын, оған жазбаша нысанда таныстырылмағанын, орындалған жұмыстарды қабылдау актілеріне сәйкес 2000000 теңге көлемінде жұмыс қабылданғанын, жауапкер шарт бойынша жұмыстарды толық көлемде орындағанын, алайда 690500 теңге төленбегенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдырып, атқарылған жұмыстар актісіне қол қоюды міндеттеп, 690500 теңге көлемінде ақша сомасын өндіру туралы қарсы талап қоюын қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Прокурор Э.Пернебек талап қоюды қанағаттандырып, қарсы талап қою бөлігін қанағаттандырусыз қалдыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 29.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.09.2024, судья Жусупов Т. К., 08.10.2024
4360-24-3-1/1129

№ 1 негізгі талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының (әрі қарай - Заңның) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда көзделген 30 (отыз) күндік мерзім ішінде сотқа жүгінген.

2024 жылы 2 мамырдағы ақаулық актіге сай шарт бойынша орындалуы тиіс 758,22 шаршы метр шұңқырларды жөндеу жұмысының 244,43 шаршы метр бөлігі атқарылса, 513,79 шаршы метр көлемінде жұмыс орындалмаған. Яғни Жаңақорған кентіндегі Б.Байкенжеев көшесінде 218,2 шаршы метр, А.Накипов көшесінде 71 шаршы метр, Алдамжар көшесінде 212 шаршы метр, Т.Бегелдинов көшесінде 50,4 шаршы метр, Раушан көшесінде 70,3 шаршы метр, А.Құнанбаев көшесінде 40 шаршы метр, Сапарбеков көшесінде 11,7 шаршы метр, С.Қошқаров көшесінде 31 шаршы метр, Абылақов көшесінде 3 шаршы метр, Байдүйсен көшесінде 7 шаршы метр, Ә.Молдағұлова көшесінде 28,7 шаршы метр, М.Көкенов көшесінде 8 шаршы метр шұңқырларды жөндеу жұмыстары жүргізілуі тиіс болған. Ал іс жүзінде Б.Байкенжеев көшесінде 79,87 шаршы метр, А.Накипов көшесінде 82,7 шаршы метр, Алдамжар көшесінде 31,49 шаршы метр, Т.Бегелдинов көшесінде 50,37 шаршы метр шұңқырларды жөндеу жұмыстары жауапкер тарапынан орындалған.

Жауапкер өкілінің шарт бойынша нақты қай көшелерде шұңқырларды жауапкердің жөндеуге тиіс болғаны айқындалмағаны жөнінде уәждері негізсіз болып табылады, себебі жауапкер құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатысқан, қатысу алдында талаптармен толық танысып, шартқа өз еркімен қол қойған. Аталған шартта Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті көшелеріндегі шұңқырларды жөндеу міндетін алған. Бұл айтылған уәждері жауаптылықтан құтылу мақсатында жасалған әрекет деп сотпен бағаланады. Жаңақорған кентінің көшелеріндегі шұңқырларды жөндеу көлемі сметамен және сарапшының қорытындысымен 758,22 шаршы метр құрайтыны бекітілген.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 29.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.09.2024, судья Жусупов Т. К., 08.10.2024
4360-24-3-1/1129

Жауапкер тарабының шарт бойынша міндеттемелерінің орындалып, жұмыстар толығымен атқарылғаны туралы уәждерін анықтау мақсатында сот-құрылыс техникалық және экономикалық сараптамасы тағайындалған.

2024 жылғы 9 шілдедегі № 1013 сарапшының қорытындысына сәйкес шарт бойынша жұмыстарының атқарылғаны немесе атқарылмағаны туралы сұрақтарға жауапкер тарабының тиісті түрде шақыртуға қарамастан зерттеу нысанын қарауға қатыспауына байланысты жауап беруге мүмкіндік болмаса, Жаңақорған кентінің көшелеріндегі шұңқырларды жөндеу көлемі 758,22539 шаршы метр құрайтынын көрсеткен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК-нің) 82-бабының 8-бөлігіне сәйкес егер тарап сараптама жүргізуге қатысудан жалтарса немесе оны өткізуге кедергі келтірсе (сараптамаға келмесе, сарапшыларға зерттеу үшін қажетті материалдарды бермесе, сотқа беру мүмкін емес немесе қиындық келтіретін, өзіне тиесілі объектілерді зерттеуге мүмкіндік бермесе), ал істің мән-жайлары бойынша осы тараптың қатысуынсыз сараптама жүргізу мүмкін болмаса, сот қай тараптың сараптамадан жалтарғанына қарай, анықтау үшін сараптама тағайындалған фактіні анықталған немесе жоққа шығарылған деп тануға құқылы.

Сараптама өткізілетіні туралы екі мәрте тараптар хабарландырылды. Жауапкер өкілінің ауызша өтінішіне сәйкес сараптаманың өткізілуі кейінге қалдырылған. 2024 жылғы 5 шілде сағат 10:00-ге кейінге қалдырылған сараптамаға жауапкердің өкілдері екінші мәрте дәлелсіз себептермен келмей, сол арқылы сараптама жүргізуге қатысудан жалтарған.

Сотта сараптама өткізуге жауапкер тарабының қатыспауының дәлелді себебін анықтау кезінде сараптама өткізуге қатыса алмаудың дәлелді себебі анықталмады. Алайда жауапкер өкілінің қатысуынсыз сараптама тағайындау туралы ұйғарымын орындау мүмкін емес.

Сондықтан сот сараптама жүргізуге қатысудан жалтарған жауапкердің 2024 жылғы 13 және 27 наурыздағы жұмыстарды қабылдау актілеріне сәйкес көлемі 2000000 теңгенің жұмысын орындаған фактісі жоққа шығарылған деп танылады.

Сондай-ақ шартқа қол қойғаннан кейін 9 күннен кейін 1500000 теңгеге сәйкес келетін жұмыстың орындалуына сот сыни көзқараспен қарайды және ақаулық актімен жоққа шығарылады.

Жауапкер жұмыстардың қысқа уақыттың ішінде орындалғанына күмән келтіретін жұмыстарды қабылдау актілерінен басқа міндеттемелерінің толық орындалғанын бекітетін дәлелдемелерді сотқа ұсынбады.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде толық көлемде орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сондықтан талаптың бұл бөлігі қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1846 теңге көлемінде мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 29.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.09.2024, судья Жусупов Т. К., 08.10.2024

№ 2 негізгі талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК-нің) 272-бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Шарттың талаптарына сәйкес жауапкер жұмыстарды толығымен орындап, талап қоюшыға тапсыруға міндетті.

Ақаулық актімен 513,79 шаршы метр көлемінде шұңқырларды жөндеу жұмыстары орындалмағаны бекітілгендіктен, ал жауапкер міндеттемелерін толық орындаудан бас тартатындықтан, сот талап қоюшының шарттың талаптары бойынша жұмыстарды толығымен орындауға міндеттеу туралы талабын қанағаттандыру қажет деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1846 теңге көлемінде мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

Қарсы талап қоюдың № 1 талабы бойынша

Жауапкер 2024 жылғы 21 мамырда 690500 теңгеге сәйкес келетін атқарылған жұмыстар актісіне біржақты қол қойған.

Аталған актіге талап қоюшыны қол қоюға міндеттеуді сұрап, қарсы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында шарт бойынша орындалуы тиіс 758,22 шаршы метр шұңқырларды жөндеу жұмысының 244,43 шаршы метр бөлігі атқарылып, 513,79 шаршы метр көлемінде жұмыс орындалмағаны анықталғандықтан, талап қоюшыны 2024 жылғы 21 мамырдағы атқарылған жұмыстар актісіне қол қоюға міндеттеуге негіздер жоқ.

Қарсы талап қоюдың № 2 талабы бойынша

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде толық көлемде орындамауына, қарсы талап қоюдың 2024 жылғы 21 мамырдағы атқарылған жұмыстар актісіне қол қоюға міндеттеу бөлігі қанағаттандырусыз қалуына байланысты ақшаны өндіру туралы қарсы талап қою да қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жаңақорған кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, шарт бойынша жұмыстарды толығымен орындауға міндеттеу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 29.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.09.2024, судья Жусупов Т. К., 08.10.2024
4360-24-3-1/1129

Жауапкер «Гүлім» атауымен әрекет етуші Құндызай Қазбекқызы Әлтекова жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Гүлім» атауымен әрекет етуші Құндызай Қазбекқызы Әлтекова жеке кәсіпкеріне 2024 жылғы 4 наурыздағы № 25 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптары бойынша жұмыстарды толығымен орындау міндеттелсін.

Жауапкер «Гүлім» атауымен әрекет етуші Құндызай Қазбекқызы Әлтекова жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 3692 (үш мың алты жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер «Гүлім» атауымен әрекет етуші Құндызай Қазбекқызы Әлтекова жеке кәсіпкерінің атқарылған жұмыстар актісіне қол қоюды міндеттеу және ақша сомасын өндіру туралы қарсы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 29.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.09.2024, судья Жусупов Т. К., 08.10.2024